

Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп – лицейі бойынша «Тағылым»

Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы туралы мәлімет

2023- 2024 оқу жылында Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің №48 бұйрығына сәйкес балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін , психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды.

Мектептің " Тағылым" ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының құрамы бекітілді. Жұмыс жоспары "адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты" КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз №4 хаттамасымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жоспарланып, бекітілді. Ата-аналар жиналыстары мен ай сайынғы дәрістердің тақырыптары жоспарда көрсетілді.